



9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Іс әрекетті талап ететін зерттеу





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Іс әрекетті талап ететін зерттеу

Іс-әрекетті талап ететін зерттеу – циклды үдеріс арқылы жаңалықты кіріктіру бағытында іс-әрекет пен білім өндіру мақсатында қатысушы болу арқылы және бірлесе жұмыс істеу арқылы шынайы өмір мәселелерін шешетін зерттеу стратегиялары. Іс-әрекетті талап ететін зерттеуде үдеріс, нәтиже және олардың қолданылуы өзара тығыз байланысты.

Осыған дейінгі зерттеу стратегияларының басты мақсаты білім өндірумен байланысты болатын. Ол зерттеулердің нәтижесі өзгеріс әкелуді немесе қандай да бір әрекет етуді талап етпейді. Кей жағдайларда өндірілген білімге қарап отырып, өзгеріс болуы да мүмкін, бірақ солай болуы шарт емес. Ал бүгінгі зерттеу стратегиясы кересінше іс-әрекетті талап ететінімен ерекшеленеді. Тағы бір ерекшелігі бұл стратегияда іс-әрекет зерттеумен қатар жүріп отырады, зерттеу біткен соң емес. Сондай-ақ бұл зерттеу түрі шынайы өмірдегі қазіргі болып жатқан мәселемен айналысады. Мәселен, қандай да бір компанияда менеджмент стратегиясы ақсап тұр делік, немесе жұмыс орнында бір қиындық туды делік. Осындай жағдайда компаниядан іс-әрекетті талап ететін зерттеу жүргізуге тапсырыс келуі мүмкін. Бұған қоса, кейде қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажет болуы мүмкін. Бірақ оны қалай жүзеге асыру керектігі белгісіз болса, осындай жағдайда іс-әрекетті талап ететін зерттеу қажет болуы мүмкін. Әрекетті талап ететін зерттеудің тағы бір артықшылығы ол зерттеуші мен зерттелушінің арасындағы алшақтықты мейлінше азайтуға тырысады. Зерттелушіні белсенді ретінде қарастырады. Бұл зерттеу стратегиясын ойлап шығарған және терминді енгізген Курт Льюин (1946).

Әдетте әрекетті талап ететін зерттеу бірнеше циклдер тізбегінен тұрады. Ол тізбекті былай көрсетуге болады: Бұл жердегі алғышарт үйренесіз, жасайсыз, ойланасыз, қалай жақсырақ жасауға болатынын үйренесіз, оны жақсырақ жасайсыз, одан сабақ аласыз, оны одан сайын жақсырақ істейсіз, солай жалғаса береді. Мысал ретінде алатын болсақ, 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығының тиімділігін арттыруды зерттеу керек делік. Оның тиімділігін арттыру үшін сіз міндетті түрде әрекет етуіңіз керек. Ол үшін әртүрлі стейкхолдерлер тобын құрастырасыз. Ол стейкхолдерлер тобына мектеп директоры, пән мұғалімдері, ата-аналар, сынып жетекшілері т.с.с. кіруі мүмкін. Бірінші сіз осы стейкхолдерлермен ақылдасып, жағдайды барлап, зерттеп аласыз. Содан соң, ойласа отырып, бір ұсынысқа тоқтайсыз. Мысалы, математика пәнінен сабақ санын арттыру немесе кешке қосымша сабақтарды өткізу немесе демалыс күндері оқушыларды ой еңбегімен айналыстырмай, тынықтыру деген сияқты. Осы ұсынысты жүзеге асырып, оның нәтижелерін ой елегінен өткізесіз. Нәтижелер бойынша тұжырым шығарасыз да, қайтадан стейкхолдерлермен ақылдасып, бірінші ұсыныстың нәтижелерін талқылайсыз. Әлсіздер тұсын қалай күшейтуге болатынын ойластырып, артық тұстарын алып тастайсыз. Талқылау нәтижесінде келесі ұсынысты қайтадан сынақтан өткізесіз. Осылай бірінші сатыларды қайталайсыз. Әр цикл сайын жағдай туралы көбірек біліп, қабылдайтын шешімдеріңіз де сенімдірек бола түседі. Осылай бір циклді қайта-қайта қайталау арқылы ең соңында жағдайға ең дұрыс шешімді қабылдайсыз да, соны жүзеге асырасыз.

Іс-әрекетті талап ететін зерттеудің мақсаттары

Тәжірибені жетілдіру

Егер қандай да бір жұмыс орнында өнімділікті арттыру мақсатында іс-әрекетті талап ететін зерттеу жүргізілсе, ол компанияда өзгеріс қажет деген сөз. Сондықтан қызметкерлерден қалыпты үйреншікті жағдайдан басқа жағдайға ауысуы талап етілуі мүмкін. Мысалы, жоғарыда келтірілген ҰБТ-ға қатысты мысалда мұғалімдер өздерін белсенді сезінеді, олар тек жоғарыдан келген бұйрық бойынша ғана жүрмей, өз пікірлерінің және ұсыныстарының естілетініне сенім пайда болады. Сондықтан олар бұл қиындықты шешу үшін әдеттегіден қарағанда көбірек ойлана бастайды, өздерін белсендірек ұстайды, көбірек ізденеді және ынталану деңгейі де жоғарырақ болады. Осылайша олар процестік бас аяғында бола отырып, өздерінің тәжірибелерін жетілдіреді, болашақта келесі 11-сыныптарға қатысты қандай шешім қабылдаған дұрыс деген сұраққа келгенде әлдеқайда білікті болады. Осылайша, зерттеуші мен зерттелуші бір-бірімен белсене, тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Жүйелерді қозғалту

Іс-әрекетті талап ететін зерттеу стратегиясы қалыптасқан жүйені өзгертуге де бағытталған болуы мүмкін. Мысалы, қандай да бір компанияның тиімділігін арттыру көзделген, компания менеджмент стратегиясын және қағидаларын қатаң ұстанады. Бірақ бұдан ешқандай тиімділік байқалмайды. Яғни



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Іс әрекетті талап ететін зерттеу

бұл жағдайда жүйеде өзгеріс жүргізу қажет болуы мүмкін. Мысалы, өнімділіктің деңгейінің төмен боуының негізгі себебі құжаттарды рәсімдеу процедурасының тым ұзақ әрі күрделі екенімен байланысты екенін анықталды. Бұндай жағдайда, құжатты электронды форматқа ауыстыру арқылы бұрынғы құжат рәсімдеу жүйесін өзгертуге болады, немесе қол қоюшылардың тізімін азайтуға болады немесе кейбір процедураларды құжатпен ресімдеуді жеке құжат жасамай, оны басқа кеңірек құжаттаманың бөлігіне айналдыру керек шығар. Осындай бұрыннан қалыптасқан жүйелерді өзгерту арқылы, компаниядағы өнімділікті арттыру мүмкін болады. Сіздің мақсатыңыз осы ұсыныстардың бәрін де әрекет ретінде тексеріп көріп, ішіндегі тиімдісін алу. Сондай-ақ іс-әрекетті талап ететін зерттеу әртүрлі қызметкерлерді ортақ бір мақсат үшін бірлесе жұмыс істеуге жұмылдыра алады; тұрақты өзгеріске жүйелі және жақсы қалыптасқан тәсіл ұсына алады; зерттеуді жүргізуге қағидалармен қамтамасыз ете алады; басқару тәжірибесіне зерттеу тұжырымдамасын ендіре алады.

Іс-әрекетті талап ететін зерттеумен байланысты қиындықтар

- Бағыт берудің орнына делдал болу – Зерттеуді жүргізуде сіз істің барысын толығымен қолыңызда ұстай алмайсыз. Ұстамағаныңыз да дұрыс. Өйткені іс-әрекетті талап ететін зерттеудің ең басты артықшылығы оның демократиялығында. Яғни, стейкхолдерлердің әрқайсысының ойымен санасып, қандай іс-әрекетті болмасын, ойласып, ұжымдасып істеген абзал.
- Ауқымын басқару – Жоғарыда айтқанымыздай іс-әрекетті талап ететін зерттеу стратегиясы бірнеше циклдерден тұрады. Өзіңіз байқамай-ақ, бір циклдегі бір сатының ауқымын байқамай үлкейтіп алуыңыз мүмкін. Осылайша, бастапқы мақсаттан ауытқып кетуіңіз әбден мүмкін. Олай болмас үшін әр циклдің міндетін нақты айқындап, оларды кішігірім-кішігірім етіп алуға тырысыңыз.
- Әдістерде тиянақтылыққа көз жеткізу – Тиянақтылық деңгейі бұл зерттеу стратегиясында аса тиянақты болуы тиіс. Бұл зерттеулер нақты, шынайы шектерді қажет еткенімен, олар әлі де болса сенімділік, аутенттілік, жарамдылық, бірізділік т.с.с. сияқты жақсы зерттеудің көрсеткіштеріне сай болатындай зерттелуі тиіс.
- Жылдамдықты басқару – Іс-әрекетті талап ететін зерттеу процесі тек бір ғана адамның, зерттеушінің ғана бастамасымен жүзеге асырылмайды. Оның барысына бірнеше стейкхолдерлер ат салысуы керек. Олардың әрқайсысы әртүрлі жағдайлармен, әртүрлі себептермен жиналыстарға келмей қалуы мүмкін, немесе жұмыстың өздеріне тиесілі бөлігін уақтылы орындамауы мүмкін, жауапкершілігі төмен болуы мүмкін т.с.с. әртүрлі себептермен зерттеуіңіз жоспар бойынша жүрмей қалуы да мүмкін. Сондықтан сіздің міндетіңіз жұмысқа жұмылдырылған әрбір топ мүшесі өз жұмысын орындап жатқанын бақылауда ұстап, тексеріп отыру. Жұмыстарды әркімге бөліп-бөліп қойып, оны тек келісілген уақытта алармын деп, оны ұмытып кетсеңіз, зерттеуіңіздің сәтті аяқталуы екіталай.
- Ырғақтан шығып қалмау – Егер де зерттеуіңізді жіті бақылауда ұстап, стейкхолдерлермен үнемі қарым-қатынаста болып отырсаңыз да, кейде сіз басқара алмайтын жағдайлар да болып қалуы мүмкін. Ондай кезде жедел түрде ойланып, бірден жағдайды оңтайлы шешетіндей әрекеттерді қабылдап, қажет болса, зерттеу жоспарына өзгерістер енгізуіңіз керек.
- Адамдарды басқару – Іс-әрекетті талап ететін зерттеу топпен жүзеге асырылатын болғандықтан, топта әртүрлі адамдармен жұмыс істейсіз. Кейбір адамдар менің ойымды ескермеді деп немесе менімен ақылдаспады деп мін тағуы мүмкін, әл кейбіреулер жобаңызға менсінбеушілікпен қарап, жоба барысында өзін тым асқақ ұстануы мүмкін. Тағы біреулер, тез арада өз керегін шешіп алып, жұмыстан тез тайқып тұруға мүдделі болуы мүмкін. Бұндай қиындықтарды болдырмай қою мүмкін емес. Ондай жағдайлардың болатынына алдын ала дайын болыңыз да, мүмкіндігінше білікті ұйымдастырушылық, менеджерлік қабілеттеріңізді қосып, топтың үйлесімді жұмыс істеуіне тиімді болатындай адамдармен тіл табысуға тырысыңыз. Келіссөз жүргізу қабілетіңіз болса, ол сізге аса пайдалы болады.
- Этикалық түрде әрекет ету – Адамдармен, көпшілікпен жұмыс істейтін болғандықтан, сауалнама жүргізетін болғандықтан, сұрақтарыңыздың, адамдармен қарым-қатынас орнатуыңыздың, алынған нәтижелердің жеке адамдарға ешқандай нұқсан келтірмейтіндей етіп ұйымдастырылуына мән беріңіз. Ең бастысы зерттеуімнің нәтижесі деген оймен, этика мәселесін естен шығарып алмаңыз.
- Бірқатар дағдыларды қажет ету – Зерттеуші білікті зерттеуші болумен қатар істі соңына жеткізетін ұйымдастырушы, тіл тапқыш, білікті келіссөз жүргізуші, келіспеушіліктерді шешу бойынша маман, уақытын жинақы басқарушы, стратег жоспарлаушы және құжатты жақсы жүргізуші болуы



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Іс әрекетті талап ететін зерттеу

тиіс. Көріп отырғаныңыздай, іс-әрекетті талап ететін зерттеу түрі басқа зерттеу түрлеріне қарағанда зерттеушіге көбірек талап қояды.

- Меншік құқығы – Зерттеу нәтижелерін жариялауда меншік құқығы мәселесі жағын бірден анықтап алуыңыз керек. Кей жағдайларда тапсырыс беруші зерттеудің нәтижесін алған соң, сіздің атыңызды көрсеткісі келмеуі мүмкін, немесе зерттеуді жариялауда басқа дереккөздерге жүгінген жағдайларда, оларды жариялауға рұқсат алу керек болатын кездер болады. Сондықтан бұл мәселені де естен шығарып алмаңыз.
- Зерттеуде кімнің мүддесіне байланысты жүргізіп отырғаныңызды естен шығармаңыз. Өйткені стейкхолдерлер мен өзгерісті бастан кешірушілердің және оған жанама түрде қатысушылардың, және сіздің өз қызығушылықтарыңыз бір-бірінен мүлдем өзгеше болуы мүмкін. Әр тарап үшін әртүрлі нәрсе маңызды болуы мүмкін. Баға беруші зерттеудегі сияқты стейкхолдерлердің ойынан шығатын нәрсе барлық уақытта өзгерісті тұтынушылардың көңіліндегідей бола бермейді. Сондықтан зерттеу мақсаттарын айқындағанда осы нәрсеге мән беру керек.

Іс-әрекетті талап ететін зерттеудің өз қиындықтары және артықшылықтары бар. Қиындықтары бұл жерде сіз кітапханаға барып, немесе өзіңіз бір бөлмеде отырып, тыныштықта отырып, зерттеу жүргізе алмайсыз. Бұл топтық жұмыс болған соң, үнемі стейкхолдерлермен істес болуыңыз керек. Барлық кезде белсенді болып жүруге дайын болуыңыз міндетті. Жұмыстың барысы тек сіздің ғана белсенділігіңізге бағынышты емес, топ мүшелерінің белсенділігіне де қарайды. Ұйымдастырушылық, тіл табысу қабілеттеріңіз болмаса, жобаны аяғына дейін жеткізе де алмауыңыз мүмкін. Дегенмен егер сіздің табиғатыңыз осы сынды белсенді жұмыстарға жақын болса, адамдармен жұмыс істегенді жақсы көретін болсаңыз, шынайы нәтижеге қол жеткізу сіз үшін маңызды болса, онда зерттеудің бұл түрі сізге қызықты болатыны анық. Бірақ өз күшіңіз бен шынайы мүмкіндіктеріңізді, қаржылық мүмкіндіктеріңізді алдын ала бағалай білгеніңіз абзал.